ұйымдастырушысы ретінде өсіп жетілді. 1974 жылдан 1981 жылға дейін аға ғылыми қызметкер, ал 1981 жылдан 1989 жылға дейін Терминология мен аударма теориясы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Оның ғылыми-зерттеушілік, ғылымды ұйымдастырушылық қабілеті осы жылдары айқынырақ көрінді. Өзекті мәселе — қазақ терминологиясы туралы зерттеу жұмыстары мен проблемалық тақырыптарға жетекші болып, жас мамандардың жетіле түсуіне қолғабыс жасады. Бұл жылдары Өмірзақ Айтбайұлының басшылығымен және қатысуымен бірнеше ұжымдық кітап (Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы: Ғылым, 1968. 10 б.т.; Өрелі өнер. Алматы, 1976. 8 б.т.; Сөз өнері. Алматы: Ғылым, 1978. 7 б.т.; “... ұлт саясатын бұрмалаушылар”. Алматы: Ғылым, 1981; Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы: Ғылым, 1986. 10 б.т.; Аударманың лексика-стистикалық мәселелері. Алматы: Ғылым, 1987. 10 б.т.; Термин және олардың аудармалары. Алматы: Ғылым, 1990. 12 б.т.) баспадан жарық көрді.

Ө.Айтбайұлы бұл жылдары қазақ терминологиясы мен аударма саласында жан-жақты ізденістер жасаумен болады. Ол осы қиын да күрделі ғылыми мәселелерге қатысты әлемдік ғылыми ой-пікірлерді сүзіп шығып, қазақ тілінің өз табиғатына тән заңдылықтарға тереңдейді. Бұл жөніндегі өзінің байқау, болжамдарын мақала түрінде республикалық, одақтық басылымдарда жариялап, ғылыми-теориялық конференцияларда баяндамалар жасайды.

Қазақ тіл білімінің түйінді мәселелеріне, әсіресе терминология, тіл мәдениеті, аудармаға байланысты жасаған баяндамалары өзінің дәйектілігімен, ойлылығымен ғылыми жұртшылыққа аян. Баяндамалардың жалпы саны 30-40-тан

асады. Оның біразы халықаралық, одақтық, республикалық конференцияларда жасалған баяндамалар. Ғылыми баяндамалар ішінен мыналарды атап өтуге болады: “Термин жасаудың кейбір модельдері” (Этимологтардың республикалық кеңесі. Алматы, 1984), “Аударма және ғылым тілі” (Аудармашылардың республикалық кеңесі. Алматы, 1989), “Қазақ тілі” қоғамының мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі” (Республикалық ғылыми-практикалық конференциясы. Алматы, 1990), “Тіл мәдениетінің кейбір өзекті мәселелері” (Түркологтардың бүкілодақтық съезі. Ташкент, 1980), “Диалектные явления и вопросы перевода” (1973), “Становление и развитие переводческого дела в Казахстане” (Караганда, 1981), “Түркі тілдері терминдерін бірегейлестіру мәселесі” (Стамбул, 1995), “Тіл мәдениеті және терминология” (Пекин, 1993), “Ахметтану тағлымы” (Мемлекеттіл тіл: бүгін мен болашағы атты республикалық ғылыми-теориялық конференция. Астана, 1998); “Проф. Қ.Қ.Жұбанов және қазақ терминологиясының кейбір мәселелері” (Қ.Жұбановтың 100 жылдығына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Астана, 1999); “Көркем тілдің бір кілті — мақал-мәтелде” (“Көркем әдебиет тілінің өзекті мәселелері” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. Алматы, 2003), “Аударма ісіндегі сөзжасам тәжірибесі... (“Түркітану мәселелері: бүгін мен болашағы” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2001). “Қазақ терминологиясын зерттеудегі бағыттар мен кезеңдер” (“Мемлекеттік тілдің ахуалы, проблемалары және оны шешу жолдары” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалы. Өскемен, 2006 т.б.).

Бөлім меңгерушісі ретінде “Қазақ терминологиясының жасалу көздері” (1981-84) және “Қазақ әдеби терминологиялық лексикасының дамуы” (1985-91), “Мемлекеттік тілде ғылыми терминологияны қалыптастырудың теориялық, ғылыми-әдістемелік және практикалық мәселелері” (1997-99) деген күрделі тақырыптарға жетекшілік жасады. Аталған тақырыптар негізінен қазақ терминологиясының мәселелеріне арналғандықтан, Ө.Айтбайұлы жетекшілік еткен ғылыми қызметкерлер, ең алдымен, бөлімнің картотекалық қорын жасауға кірісті. Бұл айтуға жеңіл болғанымен орындалуы қиын жұмыс. Өйткені сол 1980-жылдарға дейін жарық көріп үлгерген екі тілді терминологиялық сөздіктердің бәрін жинақтап, әліпби тәртібіне келтіру қажет болатын. Бөлім қызметкерлері меңгерушіден бастап түгел картотека қорын толық қамтып, молайтумен айналысты. Бірнеше жылға созылған бұл күрделі жұмыс бөлімнің 500 мыңға таяу картотекалық қорының негізін салды.

Өз жалғасын тапқан бұл жұмыс осы заман сұранысына орай, М.Әуезов атындағы Шымкент пединститутының профессоры Қ.Бектаев тобымен өзара шартқа отырып, әлгі сөздіктер лек-легімен электронды есептеу машинасының сарабынан өткізілді. Ғылымның ірі-ірі бес саласы бойынша жасалған бұл материалдар болашақта түзілетін түрлі сөздіктерге негіз болды, өзінің зерттеушілері мен сөздік түзушілерін тапты. Олар: қоғамдық ғылымдар саласы, биология ғылымдары, физика-математика ғылымдары, жер туралы ғылым мен техника ғылымдарының саласы. Бұл түркі дүниесінде тұңғыш жасалған картотекалық қор.

Мұның ішінен бөлім қызметкерлері қазіргі сұранысқа ең қажеттірегі деп “Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігінің” екі томдығын түзіп

шықты. Бұл бөлім атқарған ең күрделі жұмыстардың бірі. Ө.Айтбайұлы осы сөздікті жасаушылардың бірі, жетекшісі, әрі бұл жобаның жа-уапты редакторы. Бұл сөздік бірнеше рет толықтырып, өңделіп, сұрыпталып, баспа жүзін көру алдында тұр.

Ө.Айтбайұлы өзінің түбегейлі ізденістері мен зерттеу ісін тұжырымдап, қазақ лингвистикасының тарихында тұңғыш рет қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы жайында көлемді де іргелі еңбек жазды. Ол 1988 жылы “Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы” деген атпен “Ғылым” баспасынан жарық көрді. Бұл еңбек туралы кезінде баспасөзде бірнеше рецензия жазылып, ғалымдар жоғары баға берді.

Ө.Айтбайұлының ғылыми ой-тұжырымдары аталған салалармен ғана шектелген емес. Тіл мәдениеті, стилистика, лексикология, ономастика, диалектология, әдеби тіл, әдебиет, мәдениет, мемлекеттік тіл, аударма, қазақ терминологиясы мен аудармасының мәселелері туралы көп жылғы барлау, байқау, ізденістер негізінде 1992 жылдың басында “Қоғамдық ғылымдар терминологиялық лексикасының қалыптасуы мен дамуы” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Ө.Айтбайұлының бұл диссертациялық жұмысы тың мәселені қозғап, жаңалықтар алып келді. Ең алдымен, бұған дейін ғылым объектісіне айнала алмай, тарихымызда жұмбақ боп келген арыстарымыз – Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының мұралары мен еңбектері тұңғыш рет тілдік тұрғыдан талданып, лайықты бағасын алды. Әсіресе, А. Байтұрсынұлының қазақ лингвистикасын дамытудағы, оның ішінде қазақ терминологиясын жасаудағы өлшеусіз зор рөлі жан-жақты зерделенді.

Өмірзақ Айтбайұлы бірнеше жыл бойы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті (бұрынғы Министрлер Советі) жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, ғалым хатшысы ретінде де зор жұмыстар атқарды. Ғылымның түрлі саласында пайда болып, ала-құла қолданылып жүрген терминдердің бір ізге түсуіне, ғылыми тұрғыдан реттелуіне атсалысты. Биология, физиология, химия, физика, математика, теміржол, музыка, спорт, компьютер саласына қатысты терминдерді, сөздіктерді рет-ретімен Мемтерминком талқысына салып, жұртшылыққа ұсынуда оның үлесі мол. Әсіресе Мемтерминкомның осы заман сұранысына лайықты ережесін қайта жазып, құрылымын нақтылай түсуі де Ө.Айтбайұлы іс-әрекеттерімен тікелей байланысты.

Сонымен бірге ол Тіл білімі институты жанындағы ғылыми дәреже беретін ғылыми Кеңестің көп жылдан бергі мүшесі ретінде ғылымның жас мамандарының өсіп, жетілуіне қолғабыс етіп келеді. Бұрынғы Одақтағы түркі тілдес халықтар ғалымдарын дайындауда бұл Кеңестің рөлі айрықша. Уақтысында көптеген кандидаттық және докторлық диссертациялар осы Кеңес сарабынан өтіп, өмірге жолдама алды.

Ғылымды ұйымдастыру қарымының үстіне Ө.Айтбайұлының қайраткерлік қабілетінің айқын көрінген тұсы “Қазақ тілі” қоғамындағы жұмыстарға тікелей байланысты. Бұл жұмыс, әрине, әріден басталған. Ана тіліне саналы өмірін сарп етіп келе жатқан Ө.Айтбайұлы 80-жылдың басынан-ақ тіліміздің әлеуметтік болмысын, қоғамдық қызметін айқындап, оның беделін көтеру үшін, соған иелік жасайтын бір ұйым керек деген Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаровтың бастамасын

бірден қолдайды. Тіл жөніндегі толғаныстар оған қолына қаламды ғана емес, домбыраны да ұстатып, көмекейін әуен кеулей бастайды. Сөйтіп Қоғам құрылмастан аттай 1 жыл бұрын “Ана тілі” дейтін ән дүниеге келеді. Осы әнді өзі орындай отырып, ол қазақ радиосы арқылы жарты жылға таяу уақыт қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе қажеттігі жайында хабар жүргізді. Сөйтіп бұл ән болашақ “Қазақ тілі” қоғамының өз өнұранындай болып, көп көңілінде жатталды. Әсіресе, 1988 жылы басталып, 1989 жылы қаулай бастаған тіл күресінің ол басы-қасында болды. Бүкіл жұртшылық қолдаған бұл шерудің түйіні 1989 жылдың 20-21 қазанында шешілді. Сөйтіп тұңғыш Құрылтайда Республикалық “Қазақ тілі” қоғамы құрылды. Онда делегаттар бір ауыздан Қоғамның президенті етіп Ә.Т.Қайдаровты, вице-президенті етіп Ө.Айтбайұлын сайлады.

2004 жылдың 11 қарашасында ол Халықаралық “Қазақ тілі” қоғамының президенті болып сайланды.

1998 ж., 2005 ж. ҚР Орталық сайлау комиссиясы құрған лингвистикалық комиссияның мүшесі ретінде ҚР Президенттігіне үміткерлерден (8 адам) емтихан қабылдады.

Ө. Айтбайұлы ғылыми ізденістер нәтижесін практикалық тәжірибемен ұластырып, ұстаздық өнеге танытып жүрген ғалым. 1980-жылдардың басынан Қарағанды, Қызылорда, Шымкент, Алматы қалаларындағы жоғары оқу орындарында мемлекеттік емтихан төрағасы ретінде және дәріс оқу арқылы тіл мамандарын, жалпы филологтарды дайындауға үлкен үлес қосып келеді. Ол 1994-95 жылдары Алматы Қыздар пединститутының, ал 1996-97 жылдары Қ.Яссауи атындағы қазақ-түрік университетінің профессоры ретінде дәріс берді. 1998 оқу жылынан “Қайнар” университеті филология факультетінің деканы.

Академик 1996 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы медалінің, 1998 жылы Президент Жарлығымен “Құрмет” орденінің иегері болды. 2001 жылы Президент Жарлығымен “Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл” мерекелік медалімен, 2004 жылы ғылым беру саласындағы ерекше еңбегі үшін “Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін” белгісімен марапатталды. Сондай-ақ ол 1997 жылы Экология халық академигі болып, ал 1998 жылы ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды.

Міне, осы кездің бәрінде Ө.Айтбайұлы қоғам қайраткері ретінде әрдайым тіл мен діл жолындағы зиялы қауым ұмтылыстарының көшбасшыларының бірі болып келеді. Ол академик Ө.Қайдармен бірге Қазақ тілінің мемлекеттік тілге айналуына қажетті шаралардың бәріне қатысады. Мемлекеттік Бағдарламаның түзілуіне, Қоғам Жарғысы мен Бағдарламасын дайындауға белсене атсалысты. Ең бастысы Қоғамның жергілікті ұйымдарын құрып, оған іскер мамандар тандауда және олардың күнделікті жұмыс бағдарын айқындауда Ө.Айтбайұлының еңбегі ерекше. Ол облыстық, қалалық, аудандық ұйымдардың тұңғыш жиындарының көбіне тікелей өзі қатысып, Қоғам атқаратын жұмыстар мен міндеттерін түсіндіріп, оның халықтық мөнін насихаттаумен болды. Осындай нақты іс-әрекеттер нәтижесінде Қоғам ел алдында бедел алып, халықтық қозғалысқа айналды. Әсіресе Тіл Заңы мен Мемлекеттік Бағдарламаның іске қосылуына Қоғам қосқан үлес өлшеусіз.

“Қазақ тілі” қоғамы бұл мәселелерді бірінші күннен бастап назарда ұстады. Ол облыстық Кеңестердің сессиясында Мемлекеттік Бағдарламаның арнайы қаралып, осыған орай

нақты шаралар белгіленуін қадағалады. Осындай мақсатты көздеген Ө.Айтбайұлының тікелей басшылығымен өткен алқа жиындардың (Ақмола, 1990; Ақтөбе, Алматы, Семей 1991, 1994; Жамбыл, 1992; Талдықорған, 1993; Семей, 1999; Павлодар, 2002; Өскемен, 1994, 1998, 2003) маңызын кезінде радио, телевизия, баспасөз беттерінде жан-жақты сөз еткен болатын. Бұл алқа жиындар алдында жер-жерде, әрбір облыс, аудандарда мемлекеттік тілдің барысы жайында әлеуметтік зерттеу жүргізіліп, нақты деректер жинақталды. Сөйтіп облыстардың басшылары қатыстырылған бұл жиындарда әрі халықтық, әрі мемлекеттік мәні айрықша тіл мәселесі салиқалы әңгіме болды, нақты шаралар белгіленді. Бұған қосымша әрбір облыс, қала, аудан, бастауыш ұйымдар жергілікті жердің сұраныс ерекшеліктеріне орай нақты шаралар қабылдап отырды. Оның бәрі қоғамның жұмысына жүйелілік пен мақсаттылық бағыт берді.

Қоғам тілге қатысты салалардың бәріне араласып, өзінің тіл жоқшысы, бірден-бір қамқоршысы екенін үнемі дәлелдеп отырды. Міне, осы жұмыстардың бірде-бірі Ө.Айтбайұлының қатысуынсыз өткен емес.

Ө.Айтбайұлы әлденеше ғылыми-практикалық конференцияларда, Қоғамның алқа жиындарында өзі баяндама жасап, басқарып отырды. Қоғам мүшелері оның іскерлігі мен біліктілігіне, әсіресе осындай алқалы жиындарда көздері жете түсті.

Ө.Айтбайұлы академик Ә.Қайдармен бірге Қоғам бөлімшелерін республикадан тыс жерлерде де ашуды ойластырды. Бұған негізгі себеп болған сыртта жүрген отандастар тағдыры еді. Осы мақсатпен ол Мәскеу, Астрахан қалаларында болып, ондағы қалалық ұйымдар конферен-

цияларына қатысады. Ол 1989 жылдың желтоқсан айында Киев, Вильнюс, Рига, Таллин қалаларында болып, сол қалалардағы тіл қауымдастықтарының жұмысымен танысады, тәжірибе жинақтайды. Омбы, Қорған, Орынбор, Сарытау, Санкт-Петербург т.б. қалаларындағы бөлімшелерге нақты әдістемелік кеңес береді. Сондай-ақ АҚШ, Англия, Сауд Аравиясы, Қытай, Түркия елдерінде болып, онда да ұйым құру жөнінде нақты сөз қозғады. Соның нәтижесінде аталған қалалардың көбінде қазір Қоғам бөлімшелері жұмыс істеуде. Туысқан қырғыз халқының тіл қоғамын құруда да Ө.Айтбайұлының еңбегі едәуір. Қазір оларда да “Қырғыз тілі” қоғамы жұмыс істеп отыр.

Дүниежүзі қазақтарының Құрылтайын өткізу идеясын да көтергендердің бірі – “Қазақ тілі” қоғамы болатын. Өзге қоғамдық ұйымдармен (Жазушылар одағы, “Қазақстан” қоғамы) қатар мұның ұйымдастыру жұмыстарының басықасында Ө.Қайдаровпен бірге Ө.Айтбайұлы да болды.

Сондай-ақ Өмірзақ Айтбайұлының белгілі ғылым, мәдениет, өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылық еңбегіне бағышталған баяндама, мақалалары қазақ қауымына ой салар, әсіресе жас ұрпаққа үлгі, өнеге болар өрелі ойларға толы. Бұл ретте Махамбет Өтемісұлы, Сәкен Сейфоллаұлы, Шал ақын, Иса Байзақов, Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Нұртас Оңдасынов, Сейділ Талжанов, Мәулен Балақаев, Ісмет Кеңесбаев, Әбдуәли Қайдаров, Зәки Ахметов, Рәбиға Сыздықова, Шора Сарыбаев, Телғожа Жанұзақов, Сапарғали Омарбеков, Сейілбек Исаев, Рақыш Өміров, Тұрағұл Қоңыров, Сейіт Қасқабасов, т.б. ғалымдар жұмысына жасаған талдамалары мен өмірнамаларын еске алсақ та жеткілікті.

Өмірзақ Айтбайұлының толассыз еңбегі үкімет тарапынан да, ғылым қауымдастығынан да жоғары бағасын алып келеді. Ол 1994 жылы Академияның жалпы Сессиясында ҰҒА-ның корреспондент мүшесі болып бір ауыздан сайланды. 2003 жылдан Ұлттық Ғылым академиясының академигі.

Ө.Айтбайұлы қайраткерлік қабілетін шындаумен бірге ғалым ретіндегі іздену, зерттеу, ұйымдастыру жұмыстарын жан-жақты тереңдете түсіп отыр. Ол қазір “Тіл біліміне кіріспе” пәні мен қазақ тілі лексикологиясы тармақтарынан дәріс жүргізеді, курстар оқиды, арнаулы семинар өткізеді. Осы салалар бойынша жоғары оқу орындарына, оның ішінде “Қайнар” университеті филология факультетінің түлектеріне арнап оқулық дайындады. Ол 450-ден астам ғылыми еңбектің авторы.

Өмекең екі ұл, бір қыздан 5-6 немере көріп отырған айтулы ата. Үлкен ұлы Біржан 1994 ж. қайтыс болып кетті. Одан Индира атты немересі бар, ол қазір жоғары оқу орнын бітіріп, банк жүйесінде жұмыс істеп жүр. Ерланнан туған Шыңғысы Санкт-Петербург университетінің 3-курс студенті. Айзере атты немере қыз биыл келді дүниеге. Қызы Ләзизаның үлкені Әйгерім Заң университетінің студенті, Жәңгірхан биыл мектепке баруға дайындалып жүр.

Ө. Айтбайұлының тағы бір ерекшелігін атаған жөн. Ол ғылым мен өнерді тел еміп, қатар ұстап келе жатқан ғалым. Әсіресе ақындық пен сазгерлік өнерінің жөні бөлек. “Көкше келбеті” тәрізді өлеңі табиғат суреттерін сипаттайды. Ал “Жар сәлемі”, “Жас ойшыл”, “Ана тіл”, “Тіл өнері дертпен тең”, “Аққоян”, “Өренім” тәрізді т.б. өндері жұртшылыққа мәлім.

Ө. Айтбайұлының тыңдаушысын тамсандырған өншілік өнері мен күйшілік өнері өз алдына бір сала әңгіме. Оның

орындауындағы біраз әндер қазақ радиосының “Алтын қорында”, сондай-ақ “Ыстықкөлдің алқызыл гүлдері” аты көркем фильмдегі Өмірзақ орындаған Біржанның “Теміртасы” бүкіл әлемге тарады.

2003 жылдың 28 ақпанында Ғалымдар үйінде Ө. Айтбайұлы өткізген “Көңілімде көп сыр бар айтылмаған” екі жарым сағатқа созылған шығармашылық кеш әлі күнге жұрт аузында. Онда профессор көп орындала бермейтін халық әндері мен күйлерді ұлы ғұлама ұстаздар Мұхтары Әуезов пен Қаныш Сәтпаевтың рухтарына бағыштап орындаған еді.

Оның ғылыми зерттеулері, шығарған кітаптары, қоғамдық қызметі, шығармашылық өнері жайында әріптестері баспасөз беттерінде талай рет жазды. Әншілік, домбырашылық өнері туралы өнертанушы зерттеушілер де жоғары бағалады.

Ө. Айтбайұлының ғылыми зерттеу, тәлімгерлік-ұстаздық, қоғамдық қызметінде әлі де мол еңбектер береріне сенеміз.

*Әбдуәли ҚАЙДАР,
ҚР ҰҒА-ның академигі,
Ғарифолла ӘНЕС,
филология ғылымдарының
кандидаты*

КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА У.А.АЙТБАЕВА

Умирзак Айтбайулы родился 5 апреля 1936 года в селе Балтаколь (тогда в составе Туркестанского района) Отрарского района Южно-Казахстанской области. Школьные годы начались в ауле “Каргалы” в местной неполной средней школе. Закончил среднюю школу им. Жамбыла в районном центре Шаульдер.

Свой трудовой жизненный путь начал в 1953 году кузнечным мастером на Миргалимсайском предприятии “Сантехмонтаж” города Кентау. В 1954—59 гг. учился на филологическом факультете Казахского национального университета им. аль-Фараби (бывший КазГУ им. С.М.Кирова). Его талант организатора проявился уже в студенческие годы, он был активным участником научных и общественных мероприятий, организатором художественной самодеятельности, вечеров казахской народной песни и танца, был лидером и примером для городской молодежи, вовлекая ее в национальные культурные мероприятия. Это были годы, когда он выступал со своими авторскими песнями, его музыкальные произведения начались публиковаться на страницах республиканских газет (“Лениншіл жас”, 1959 г.).

После окончания университета до 1962 года работал литературным работником в газете “Социалистік Қазақстан”. В этот период начинается его становление, как мастера пера. Весной того же года его приняли младшим научным сотрудником в Институт языкознания Академии наук КазССР. С этого момента вся его жизнь неразрывно связана с наукой.

Под непосредственным влиянием и советами-консультациями известных специалистов в области языкознания М. Балакаева, С. Кенесбаева, А. Кайдара, Ш. Сарыбаева, известных специалистов в области перевода С. Талжанова, А. Сатыбалдиева У. Айтбайулы начал заниматься проблемами перевода. Результаты не заставили долго ждать, после публичных выступлений и докладов на конференциях он быстро становится известным в научной среде.

В 1971 году У. Айтбайулы защищает кандидатскую диссертацию на тему “Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений М. Горького на казахский язык”. Тема исследования была оценена как новое направление в казахском языкознании. И результаты внесли определенное оживление в казахскую научную среду.

Как член Союза журналистов СССР он параллельно продолжает работать в журналистике. Им было написано несколько очерков и новелл, в которых затрагивается широкий круг проблем, жизнь казахского общества, важнейшие проблемы искусства и литературы, быт и судьба сельских тружеников.

В 1975 году в издательстве “Ғылым” вышла его монография “Аудармадағы фразеологиялық құбылыс” (“Особенности употребления фразеологизмов при переводе”), где были изложены результаты его многолетней исследовательской работы. Данный труд был высоко оценен специалистами, как важный вклад в теорию перевода.

У. Айтбайулы непрерывно совершенствуется как ученый и организатор. С 1974 по 1981 годы он работает в качестве старшего научного сотрудника, 1981–89 годы — заведующим отделом Терминологии и теории перевода. Его органи-

зоторский талант проявился именно в эти годы. Он руководил важными и крупными исследовательскими темами, готовил молодых кадров, под его руководством был подготовлен и выпущен ряд коллективных трудов (Тіл мәдениеті және баспасөз. Алматы, Ғылым, 1968. 10 п.л.; Өрелі өнер. Алматы, 1976. 8 п.л.; Сөз өнері. Алматы, Ғылым, 1978. 7 п.л.; Ұлт саясатын бұрмалаушыларға қарсы. Алматы, Ғылым, 1981; Қазақ терминологиясының мәселелері. Алматы, Ғылым, 1986. 10 п.л.; Аударманың лексика-стилистикалық мәселелері. Алматы, Ғылым, 1987. 10 п.л.; Термин және оның аудармалары. Алматы, Ғылым, 1990. 12 п.л.).

Будучи крупным специалистом в области казахской терминологии и перевода, он старается вникнуть вглубь проблемы на уровне достижения мировой лингвистики. Им были раскрыты и использованы в терминотворчестве важные специфические особенности казахского языка. Результаты его исследований по актуальным проблемам национального терминотворчества отличаются глубиной и научной аргументированностью. У.Айтбайұлы многократно выступал с научными докладами во многих международных, республиканских, региональных конференциях, симпозиумах и совещаниях различных уровней. Общее количество выступлений ученого составляет более 40 докладов и сообщений. Из докладов можно отметить ряд важных по своему научному и новаторскому содержанию доклады: “Некоторые модели терминотворчества” (Республиканское совещание этимологов. Алматы, 1984), “Перевод и научный язык” (Республиканское совещание переводчиков. Алматы, 1989), “Роль международного общества “Қазақ тілі” в развитии государственного языка” (Республиканская научно-практическая конференция. Алматы, 1990),

“Некоторые проблемные вопросы культуры речи казахского языка” (Всесоюзный тюркологический съезд. Ташкент, 1980), “Диалектные явления и вопросы перевода” (1973), “Становление и развитие переводческого дела в Казахстане” (Караганда, 1981), “О сопоставлении изучения терминов тюркских языков” (Стамбул, 1995), “Культура речи и терминология” (Пекин, 1993), “Истоки ахметоведения” (Республиканская научно-теоретическая конференция “Государственный язык: настоящее и будущее”. Астана, 1998); “проф. К.К.Жубанов и некоторые проблемы казахской терминологии” (Республиканская научно-практическая конференция, посвященная 100-летию К.Жубанова. Астана, 1999); “Пословицы и поговорки – важный источник художественной речи” (Международная научно-практическая конференция на тему “Актуальные проблемы языка художественной литературы”. Алматы, 2003); “Опыт словообразования в переводческой деятельности” (Международная научно-практическая конференция на тему: “Тюркология: настоящее и будущее”. Алматы, 2001); “Основные направления и этапы исследования казахской терминологии (Материалы международной научно-практической конференции на тему: “Состояние развития государственного языка, проблемы и пути их решения”. Усть-Каменогорск, 2006) и др.

Как руководитель отдела он осуществлял научное руководство при разработке крупных и актуальных исследовательских тем: “Истоки формирования казахской терминологии” (1981–84), “Развитие литературной, терминологической лексики казахского языка” (1985–91), “Теоретические, научно-методические и практические аспекты научной терминологии” (1997–99). Многолетняя исследовательская деятель-

ность на данном поприще ученого началась с создания картотечного фонда терминов. Эта была сложная и кропотливая работа, ибо отсутствовала база данных. Приходилось всем миром заниматься рутинным заполнением и систематизацией карточек. В результате был создан фонд в 500 тыс. карточек. Одновременно в сотрудничестве с профессором Шымкентского пединститута им. М.Ауэзова. К.Бектаевым весь фонд карточек прошел машинную обработку по пяти основным научным направлениям: общественные науки, биологические науки, физико-математические науки, наука о Земле и технические науки. Фонд стал надежной и достаточной базой для составления различных отраслевых словарей и исследовательских работ. Он был первым и остается единственным картотечным фондом такого объема в тюркологии.

Начальным этапом большой терминологической работы явился двухтомный словарь терминов в области общественных наук (“Қоғамдық ғылымдар терминдерінің орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздігі”). У.Айтбайұлы является научным руководителем проекта, одним из составителей словаря и ответственным редактором. Словарь полностью обработан и готов к изданию.

У.Айтбайұлы закончил исследование по проблемам развития и становления казахской терминологии и результаты были опубликованы в издательстве “Ғылым” в виде научной монографии под названием “Становление и развитие терминологической лексики в области общественных наук”. Труд был высоко оценен специалистами на страницах СМИ и тепло принят научной общественностью.

Широк круг интересов ученого: он занимается проблемами стилистики, культуры речи, лексикологии, ономастики,

диалектологии, литературного языка, литературы, культуры, государственного языка, перевода и др.

Результатом основной научной деятельности в области терминологии стала диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук, блестяще защищенная в 1992 году на тему “Становление и развитие терминологической лексики в области общественных наук”. Новизной работы является оценка и научное описание наследий А.Байтурсынова и М.Дулатова, которые оставались долгие годы белым пятном в истории казахского языкознания. Благодаря У.Айтбайулы неизвестные научные наследия ученых в языкознании, особенно в области терминоведения, стали достоянием широкой научной общественности.

Будучи ученым секретарем Государственной терминологической комиссии при Совете Министров КазССР, он внес неоценимый вклад в систематизацию и внедрение терминов в казахском языке. Термины в области биологии, физиологии, химии, физики, математики, железной дороги, музыки, спорта, компьютерной технологии проходили через его скрупулезный и требовательный анализ и только затем представлялись на обсуждение Гостерминкома. Положения Гостерминкома, составленные им, отвечали актуальным требованиям каждого этапа быстро меняющегося времени.

Научный совет по защите докторских и кандидатских диссертаций при Институте языкознания им. А.Байтурсынова, членом которого является У.Айтбайулы, является кузницей по подготовке научных кадров в области тюркологии и казахского языка и известен далеко за пределами республики. Неоценим вклад ученого в работу совета как специалиста и большого ученого, а также как научного руководителя соискателей и оппонента.

Как незаурядный и смелый общественный деятель он показал себя при организации общества “Қазақ тілі” в трудные в социальном и политическом плане 80—90 годы прошлого века. Как преданный соратник и помощник академика А.Кайдара, он всегда и всюду поддерживал идею создания общества как защитника родного языка. И он действовал не только пером, но и домброй, т.е. подключил свой дар как музыканта-поэта. Таким образом, родилась песня, ставшая гимном общества под названием “Ана тілі” (“Родной язык”). Под эту музыку он около полугода вел передачу на радио, где ставился вопрос о придании казахскому языку статуса государственного. Его труд не пропал даром, 20—21 октября 1989 года Всеобщий курултай принял постановление о создании общества “Қазақ тілі”. Курултай избрал президентом общества академика А.Кайдара, первым вице-президентом У.Айтбайулы. 11 ноября 2004 года был избран президентом Международного общества “Қазақ тілі”.

В 1998 г. и 2005 г. в качестве члена лингвистической комиссии, созданной Центральной избирательной комиссией, принимал экзамен у кандидатов в Президенты РК (8 человек).

У.Айтбайулы умело сочетает в себе качества и достоинства ученого-теоретика и практика-педагога. С начала 1980-х годов ученый продолжает вносить достойный вклад в подготовку языковедов, кадров общефилологического профиля в качестве председателя государственной экзаменационной комиссии и преподавателя высших учебных заведений Караганды, Кызылорды, Шымкента, Алматы. В 1994-95 годы преподавал в качестве профессора в Женском педагогическом институте, а в 1996-97 годах в Казахско-турецком университете им. А.Ясауи. С 1998 г. является деканом филологического факультета университета “Кайнар”.

Академик У.Айтбайулы в 1996 году был награжден медалью им. Ибрая Алтынсарина, а в 1998 году по Указу Президента РК награжден орденом “Құрмет”. В 2001 году награжден юбилейной медалью “10 лет независимости Республики Казахстан”, в 2004 году за заслуги в развитии науки был награжден знаком “За заслуги в области науки Республики Казахстан”. Кроме того, в 1997 году становится академиком Академии экологии, а в 1998 году избран академиком Академии социальных наук РК.

Труд ученого достойно оценен научной общественностью и правительством. В 1994 году на Общем собрании Академии наук он был единогласно избран членом-корреспондентом. С 2003 года является действительным членом (академиком) Национальной академии наук РК.

У.Айтбайулы читает лекции по “Введению в языкознание”, а также по лексикологии казахского языка, ведет спецкурсы и семинары по актуальным предметам языкознания. По данным разделам им разработан учебник для студентов высших учебных заведений, в том числе и для филологического факультета университета “Кайнар”. Он является автором более 450 научных трудов.

При его непосредственном участии готовились важные государственные документы в области языковой политики: Государственная программа, Устав, Программа общества и др. В создании местных ячеек общества, в организации которых он принимал непосредственное участие, и в их становлении как самостоятельной структуры в республике, есть непосредственная заслуга У.Айтбайулы. Одновременно он вел широкую разъяснительную работу. Неоценим вклад У.Айтбайулы в разработке и принятии “Закона о языках”, “Го-

сударственной программы функционирования и развития языков”.

Работа с местными управленческими структурами занимает особое место в общественной деятельности У.Айтбайулы. Были проведены важные, определившие дальнейшую судьбу казахского языка, совещания на местах (Акмола, 1990; Актобе, Семипалатинск, Алматы, 1991, 1994; Жамбыл, 1992; Усть-Каменогорск, 1994). Совещания вызывали большой общественный резонанс на радио, телевидении, в печати. Ни одно из мероприятий, которые проходили под эгидой Общества, не прошли без участия У.Айтбайулы. Многие мероприятия проходили под его непосредственным руководством. Его знания, стиль и манера ведения собрания невольно подкупали публику.

Вместе с А.Кайдаром он занимался созданием ячеек Общества за пределами республики. Они появились в Москве, Астрахани, Омске, Кургане, Оренбурге, Саратове, Санкт-Петербурге и других городах и регионах. Была предпринята большая ознакомительная поездка по Прибалтике: Вильнюс, Рига, Таллин, а также Киев. Были организованы зарубежные поездки с целью создания отделений Общества: США, Китай, Англия, Саудовская Аравия, Турция и др. В результате во многих зарубежных регионах и городах были созданы ячейки общества. Он принял непосредственное участие в организации Общества “Қырғыз тілі” братском Кыргызстане.

Проведение Всемирного курултая казахов также было инициировано обществом “Қазақ тілі”. В его организации вместе с А.Кайдаром непосредственное участие принимал и У.Айтбайулы.

У.Айтбайулы внес свою лепту в развитие как фундаментальной науки, так и национальной культуры. Его доклады о жизни и творчестве известных деятелей науки, культуры, литературы, искусства, таких как А.Байтурсынулы, К.Жубанов, С.Талжанов, М.Балакаев, С.Кенесбаев, А.Кайдаров, З.Ахметов, Р.Сыздыкова, Ш.Сарыбаев, Т.Жанузаков, С.Омарбеков, Р.Амиров, Т.Коньров, С.Каскабасов и др. являются поучительными, особенно для подрастающего поколения. В них излагаются не просто биографические данные, в них определяются проблемы современности и указываются пути их решения.

Умеке является отцом двух сыновей, одной дочери и заботливым дедом 5-6 внуков. Старший сын Биржан погиб в 1994 г. От него есть внучка Индира. Она закончила высшее учебное заведение, в настоящее время работает в банковской системе. Внук Шынгыс, который родился от Ерлана, является студентом 3 курса Санкт-Петербургского университета. В этом году родилась внучка по имени Айзере. Старшая Айгерим от дочери Умеке Лазизы, студентка юридического университета, внук Жангирхан готовится в этом году пойти в школу.

Следует отметить, еще одну особенность У.Айтбайулы. Он гармонично сочетает в себе дар ученого и человека искусства. Особенно он талантлив как поэт и композитор. Его стихотворение “Көкше келбеті” (“Пейзажи Кокше”) воспевает природу. А песни “Жар сәлемі” (“Сердечное послание супруге”), “Ана тілі” (“Родной язык”), “Тіл өнері дертпен тең” (“Искусство речи подобно мукам душевным”), “Ақ қоян” (“Белый заяц”), “Жас ойшыл” (“Юный мудрец”), “Өренім” (“Мои потомки”) и др. известны широкой публике.

Певческое искусство У.Айтбайулы, его мастерство исполнителя кюев, невольно завораживающие своих слушателей, повод для отдельного разговора. Немало песен в его исполнении находятся в “Золотом фонде” Казахского радио, а песня народного композитора Биржана “Темиртас” из художественного фильма “Алые маки Иссыккуля” в исполнении Умирзака стало очень популярным в стране и за ее пределами. Проведенный в Доме ученых 28 февраля 2003 году творческий вечер У.Айтбайулы “Много в сердце несказанного”, продолжавшийся два с половиной часа, до сих пор на устах у публики. В этом вечере редкие песни и кюи он посвятил памяти своих выдающихся учителей Мухтара Ауэзова и Каныша Сатпаева.

О его научной деятельности, изданных книгах, общественной деятельности, творческом таланте было много раз написано на страницах печати. Его певческий, исполнительский талант на домбре получил высшую оценку ученых искусствоведов. У.Айтбайулы находится в постоянном поиске как в научной жизни, так и в общественной деятельности.

Мы уверены, что У.Айтбайулы полон сил и творческих идей, он еще долго и плодотворно будет трудиться как в области научных исследований, так и научно-педагогической и общественной деятельности.

*Абдуали КАЙДАР,
академик НАН РК,
Гарифулла АНЕС,
кандидат филологических наук*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ФИЛОЛОГИЯ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР Ө.А.АЙТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН
ЕҢБЕКТЕРІ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР**

**ЛИТЕРАТУРА О ЖИЗНИ И ТРУДАХ
АКАДЕМИКА НАЦИОНАЛЬНОЙ
АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН,
ДОКТОРА ФИЛОЛОГИЧЕСКИХ НАУК,
ПРОФЕССОРА У.А.АЙТБАЕВА**

1. *Ағманов Е., Сыздықов К.* Зерделі зерттеу: [Рец. кітапқа] Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 1988 // Оңтүстік Қазақстан. 1989. 9 июнь.
2. Ана тіліміз рухани азаттығымыз бен мемлекеттік тәуелсіздігіміздің тірегіне айналсын: “ҚР-ның Тіл туралы Заңы және мемлекеттік тілді дамытудың өзекті мәселелері” деген тақырыпта 1998 жылғы 21 қаңтарда Алматы қ-да өткен “дөңгелек үстелге” қатысушылардың үндеуі: [Құжатқа қол қою рәсіміне қатысты] // Егемен Қазақстан. - 1998. - 28 қаңтар.
3. *Әлиев Ф.* Терминология жайындағы жаңа еңбек // Соц. Қазақстан. - 1986. - 18 июнь.
4. *Байменшин С., Елеуов Б.* Тіл мен термин туралы: [Рец. кітапқа] Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 1988 // Коммунизм жолы. - 1988. - 31 дек.
5. *Байменшин С., Елеуов Б.* Халықтық қазына: [Рец. кітапқа] Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы, 1988 // Орал өңірі. - 1989. - 25 янв.

6. *Болғанбаев Ә., Жұбанов Е.*: [Рец. кітапқа] Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. Алматы: Ғылым, 1988 // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. - 1989. - № 6. - 64-66 б.; Еңбек туы. - 1988. - 17 август.

7. *Жақыпов М.* Тілдің құнарлы саласы // Білім және еңбек. - 1988. - № 6. - 45 б.

8. *Жидебаев.* Өнер алды – қызыл тіл: [Рец. кітапқа] Айтбаев Ө., Уәлиев Н. Өнер алды. Алматы, 1978 // Қазақстан мұғалімі. - 1979. - 17 август.

9. *Қайдаров Ә.* Туған тілдің ту ұстары // Егемен Қазақстан. - 1996. - 17 сәуір.

10. *Молдағалиев Т.* Күз соңынан. Бір асудан асқанда: Өлеңдер. - Алматы: Шартарап, 1997.

11. *Мұсақұлов Ұ., Маханов Қ.* Ғылым қиясында: Тілші-әдебиетші Ө.Айтбаев – 60 жаста // Оңтүстік Қазақстан. - 1996. - 13 мамыр.

12. *Мүсірепқызы М.* Әуезов туралы әнмен өрілген әңгіме // Ана тілі. - 1997. - 3 шілде.

13. *Омарбеков С.* Ана тілдің абыройын асырған // Қазақ елі. - 1996. - 12 сәуір.

14. Отырар – қазақ Бородиносы: Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтанға [Қол қою рәсіміне қатысты] // Ана тілі. - 2002. - 24 қаңтар.

15. *Сайрамбаев Т., Ержанов М.* Тіл білімінің тарланы // Жас алаш. - 1996. - 13 сәуір.

16. *Сарбалаев Ж.* Терминдер жайын барлаған // Семей таңы. - 1986. - 3 декабрь.

17. *Сарыбаев Ш., Ибатов А.* Елеулі еңбек. (“Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы”) // Соц. Қазақстан. - 1988. - 26 июнь.

18. Смаил Е. Ыстамбұл Құрылтайы: онғайласудан - ықпалдасуға // Егемен Қазақстан. - 1997. - 26 сәуір.

19. Сыздықов Қ., Ахманов Е. Жоғары оқу орындарына қажет еңбек // Оңтүстік Қазақстан. - 1988. - Ноябрь.

20. Сыздықова Р. Асылым, ар-ұятым, тілім менің // Қазақ әдебиеті. - 1996. - 21 мамыр.

21. Тіл қамын жеген Өмекен (редакциялық мақала) // Ана тілі. - 1996. - 18 сәуір.

22. Тілепов Ж. Ақындық поэзияның төлбасы // Шал ақын Құлекеұлы: Шығармалары. Зерттеулер / Құраст.: С.Қосанов, Т.Әлібеков. - Алматы, 1999. - 13 б.

23. Жубанов Е. Проблемы казахской терминологии // Сов. тюркология. - 1988. - № 3.

24. Новые действительные члены (академики) и члены-корреспонденты Национальной академии наук Республики Казахстан // Вестн. НАН РК. - 1994. - № 4. - С. 44-45.

25. Пусть родной язык станет опорой нашей духовной свободы и государственной независимости: Обращение участников "Круглого стола" на тему "Закон "О языках в Республике Казахстан" и важнейшие вопросы развития государственного языка", сост. 21 янв. 1998 г. в г. Алматы: [Принимал участие в подписании документа] // Казахстанская правда. - 1998. - 29 янв.; Веч. Алматы. - 1998. 30 январь.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

ХРОНОЛОГИЧЕСКИЙ УКАЗАТЕЛЬ ТРУДОВ

1960

1. Адам туралы сыр: [Солтүстік Қазақстан обл., Октябрь ауданы, “Марьевка” совхозы А.Маслеников басқарған № 7 бригаданың жұмысы туралы] // Лениншіл жас. - 1960. - 26 окт.
2. Ажалға ара тұрды: [Алматы обл. Балқаш ауданы дәрігері В.Бурина туралы] // Соц. Қазақстан. - 1960. - 9 март.
3. Балкенже // Соц. Қазақстан. - 1960. - 21 июнь.
4. Құрмет иесі: [Оңтүстік Қазақстан обл. Шәуілдір ауданы, “Темір” совхозының аға шопаны А.Қарабекованың озат еңбек тәжірибесінен] // Соц. Қазақстан. - 1960. - 4 февр.
5. Өмір үшін арпалыс: [Жамбыл обл. Көктерек аудандық ауруханасының бас дәрігері Тұрсынбай Әбдіров туралы] // Соц. Қазақстан. - 1960. - 3 авг.

1961

6. Алматы ән құшағында: Жексенбіде тұңғыш ән мерекесі өтті // Соц. Қазақстан. - 1961. - 6 июнь.
7. Әрі мерген, әрі артист: Қазақ мемлекеттік драма театрының артисі Алдаберген Нұрбеков туралы // Спорт. - 1961. - 6 окт.

1962

8. Ұлдары ер жетті: [Оңтүстік Қазақстан обл., Шәуілдір ауданы, “Көксарай” совхозының шопандары ағайынды Өтетілеуовтер туралы] // Лениншіл жас. - 1962. - 21 март.

1964

9. Бағалы еңбек: [Рец. кітапқа] Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. Алматы, 1964 // Оңтүстік Қазақстан. - 1964. - 23 июль.

1965

10. Ақындық айнасы: [Рец. кітапқа] Пернедегі термелер. Қазақ совет халық ақындарының шығармалары. Алматы, 1965 // Оңтүстік Қазақстан. - 1965. - 19 дек.

11. Рухани қазына: [Рец. кітапқа] Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына: Көркем аударма туралы монография. Алматы, 1965 // Лениншіл жас. - 1965. - 30 дек.

12. Ұлы мәртебелі — ана тілі: [Рец. кітапқа] Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965 // Қазақстан мұғалімі. - 1965. - 9 сент. (А.Махмутовпен бірге).

1966

13. Әйгілі психолог Алматыда: А.Н.Кононовтың 60 жасқа толуына // Соц. Қазақстан. - 1966. - 23 окт. (К.Есеновпен бірге).

1967

14. Қуаныш: [Алматы қалалық өкпе хирургиясы бөлімшесінің меңгерушісі М.Асадов туралы] // Соц. Қазақстан. - 1967. - 5 февр.

15. Тілстанға саяхат: [С.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың “Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі” туралы] // Білім және еңбек. - 1967. - № 8. - 26-27-бб.

1968

16. Кестелі сөз келісімі: (“Форма Гордеев” аудармасы төңірегінде туған ойлар) // Жұлдыз. - 1968. - № 3. - 27-32-бб.

17. Өнер алды қызыл тіл // Жетісу. - 1968. - 2 окт.
18. Тіл шеберлігі хақында // Қазақстан мұғалімі. - 1968. - 28 март.
19. Ұлттық ерекшелігі болсын: [Е.Әлімқұловтың “Бізге қандай әндер керек?” деген мақаласына орай] // Лениншіл жас. - 1968. - 21 февр.
20. Үйрену мектебі // Соц. Қазақстан. - 1968. - 28 март. (С.Талжановпен бірге).
21. Шеберлік мектебіндей // Жетісу. - 1968. - 27 март.

1969

22. Тағы да тарихи ескерткіштер жайында: [Көне дәуірдің архитектуралық құрылыстарын сақтаудың маңызы жайында] // Қазақ әдебиеті. - 1969. - 13 сент.

1970

23. Көне таңба жазулар: [Түркістан қаласы маңындағы Балтакөлден табылған таңбалы кірпіш жайында] // Жұлдыз. - 1970. - № 3. - 149-152-бб.
24. В.И.Ленин бейнесін жасауда М.Горький қолданған кейбір стильдік өрнектердің қазақ тіліндегі көрінісі // ҚазССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. - 1970. - № 1. - 92-94-бб.
25. Мақал-мәтелді аударудың кейбір мәселелері // Жұлдыз. - 1970. - № 3. - 11 б.
26. Тасқа жазылған тарих. Көне мұра, тарихи дерек // Қазақ әдебиеті. - 1970. - 13 март. (А.Ибатовпен бірге).
27. Ұлылық ұлағаты: [В.И. Ленин еңбектеріндегі аударма проблемалары туралы] // Қазақ әдебиеті. - 1970. - 7 февр.

1971

28. Көне таңба жазулар // Жұлдыз. - 1971. - № 3. - 9 б.

29. Способы передачи фразеологизмов в переводах произведений А.М.Горького на казахский язык: Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. - Алматы: Ғылым, 1971. - 35 б.

1973

30. Сөз — ой сәулесі // Қазақ әдебиеті. - 1973. - 12 май.

31. Түркі тілдері диалектологиясының мәселелеріне арналған VII аймақтық конференция және Малов дәрістері // ҚазССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. - 1973. - № 4. - 84-88-бб.

1974

32. Ақтарып асыл сөздің алтын, жезін (поэтикалық тіл туралы) // Жұлдыз. - 1974. - № 7. - 216-218-бб.; Оңтүстік Қазақстан. - 1974. - 11 май. (Ә.Мұсақұловпен бірге).

33. Жаңа журнал. ["Тіл. Әдебиет. Өнер"] // Қазақ әдебиеті. - 1974. - 15 февр.

34. Сейітқасым Әшіров: Очерк: Ұлы Отан соғысының Батырлары. - Алматы: Жазушы, 1974. - 32 б. (К.Сыздықовпен бірге).

35. Термин сөздердің жазылуы // Соц. Қазақстан. - 1974.

1975

36. Аудармадағы фразеологиялық құбылыс / Жауапты ред. М.Балақаев. - Алматы: Ғылым, 1975. - 228 б.

37. Мақалдар // Қазақ Совет энциклопедиясы. - 1975. - 7 том. - 402 б.

38. Мәтелдер // Қазақ Совет энциклопедиясы. - 1975. - 7 том. - 554 б.

39. Тіл мәдениеті жайында жаңа еңбек: [Рец. кітапқа] Трудности словоупотребления и варианты норм русского литературного языка / Под ред. К.С.Горбачевича. Л.: Наука, 1974 // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 1975. - № 1. - 64-65-бб.

1976

40. Е.Д.Поливанов — тіл маманы // Қазақ Совет энциклопедиясы. - 1976. - 9 том. - 271 б.

41. Полисемия // Қазақ Совет энциклопедиясы. - 1976. - 9 том. - 277 б.

42. Сөз жасау қисыны хақында // Соц. Қазақстан. - 1976. - 11 февр. (Н.Уәлиевпен бірге).

43. Тіл дамуындағы кейбір құбылыстар // Өрелі өнер. - Алматы: Ғылым, 1976. - 102-106-бб.

1977

44. Айшықты сөз зергері // Жұлдыз. - 1977. - № 7. - 10 б.

45. Бүкілодақтық тюркология конференциясы (27-29 сент. 1977 ж., Алматы) // ҚазССР ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - 1977. - № 1. - 70-73-бб. (Н. Уәлиевпен бірге).

46. Ғалым, ұстаз: Филология ғылымының докторы М.Балақевтың 70 жасқа толуына // Қазақ әдебиеті. - 1977. - 16 дек.

47. Тіл білімі // Қазақ Совет энциклопедиясы. - 1977. - 11 том. - 257-258 б.

48. Тіл мерейі: [Рец. кітапқа] Кеңесбаев Қ. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977 // Жетісу. - 1977. - 9 дек.

49. Тілстан тарланы: І.Кеңесбаевтың 70 жасқа толуына // Білім және еңбек. - 1977. - № 6. - 12-13-бб.

50. Ұлағатты ұстаз // Қазақ әдебиеті. - 1977. - 11 авг.

51. Ұстаз туралы сөз // Қазақ әдебиеті. - 1977. - 17 июнь. (Ө. Қайдаровпен бірге).

1978

52. Жас қаламгер тілі // Жалын. - 1978. - № 2. - 12 б.

53. Мақал-мәтелдердің жазуымыз бен сөйлеуіміздегі қызметі // Сөз өнері. - Алматы: Ғылым, 1978. - 90-96-бб.

54. Өлең сөздің білгірі. З.Ахметов 50 жаста // Жұлдыз. - 1978. - № 7. - 213-217-бб. (С.Қасқабасовпен бірге).

55. Өнер алды: Сөз, тіл өнері туралы цитаталар мен мақал-мәтелдер. - Алматы: Ғылым, 1978. - 80 б. (Н.Уәлиевпен бірге).

1979

56. Достық дәнекері // Орталық Қазақстан. - 1979. - 17 май.

57. Жазу мәдениеті туралы сөз // Орталық Қазақстан. - 1979. - 25 май.

58. Өнеге ізі // Орталық Қазақстан. - 1979. - 25 май.

59. Өткен күндердің өнегесі мол: [Рец. кітапқа] Талжанов С. өткен күндер сөйлейді: Естеліктер мен шежіре әңгімелер. Алматы, 1979 // Орталық Қазақстан. - 1979. - 18 апр.

60. Теңеу жайында тың зерттеу: [Рец. кітапқа] Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978 // Қазақ әдебиеті. - 1979. - 25 май.

61. Тынымсыз жандар жайлы хикая: [Рец. кітапқа] Нұрмағанбетов Т. Ата қоныс. Алматы, 1977 // Орталық Қазақстан. - 1979. - 19 сент.

62. Тынымсыз жандар тіршілігі: [Рец. кітапқа] Нұрмағанбетов Т. Ата қоныс. Алматы, 1977 // Жалын. - 1979. - № 2. - 158-160-бб.

63. Ұлттық мәдениет пен жазу мәдениеті жайында // Біздің Отан. - 1979. - авг.

64. Эпос өрнектері: [Рец. кітапқа] Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1978 // Орталық Қазақстан. - 1979. - 30 июнь (Н.Уәлиевпен бірге).

65. Некоторые вопросы практики и теории перевода в Казахстане // Проблемы русско-казахских языковых контактов. - Караганда, 1979. - С. 98-107.

1980

66. Ата-баба мұрасы: Сөйлеу мәдениеті туралы // Мәдениет және тұрмыс. - 1980. - № 7. - 11-12-бб.

67. Түркологтардың бүкілодақтық форумы (10-12 сент. 1980 ж., Ташкент) // ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы. - 1980. - № 4. - 65-68-бб.

68. Становление и развитие переводческого дела в Казахстане // Развитие казахского советского языкознания. - Алма-Ата: Наука, 1980. - С. 145-152. - Библиогр. в подстроч. примеч. (24 назв.).

1981

69. Ана тілі — дана тіл: [Сөйлеу мәдениеті жайында] // Мәдениет және тұрмыс. - 1981. - № 12. - 14-15-бб.

70. Жазу мәдениеті жайында. (Қазақ тілі фактілері негізінде) // Идеология майданындағы ұлт саясатын бұрмалаушыларға қарсы. - Алматы: Ғылым, 1981. - 10-38-бб. (І.Кеңесбаевпен бірге).

71. Некоторые аспекты изучения проблем культуры речи // Изв. АН КазССР. Сер. филол. - 1981. - № 4. - С. 11-14.

1982

72. Қазақ ономастикасының очерктері // Қазақ әдебиеті. - 1982. - 15 сент.

73. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері [жайлы] // Қазақстан мектебі. - 1982. - № 11. - 63-65-бб.

1983

74. Көркем әдебиетке – көркем тіл // Жазушы және сөз мәдениеті. - Алматы: Ғылым, 1983. - 43-55-бб. (А.Есенқұловпен бірге).

1984

75. Әдеби тілдің ажары: [Рец. кітапқа] Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы, 1984 // Лениншіл жас. - 1984. - 30 май (Ф.Алиевпен бірге).

76. Бұлақты таудан арна ақса, теңіз болар аяғы...: [Рец. кітапқа] Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. Алматы, 1984 // Оңтүстік Қазақстан. - 1984. - 20 июль.

77. Ғылым сардары // Білім және еңбек. - 1984. - № 10. - 9 б.

78. Екі тілді тел емген...: [ҚазССР ҒА Тіл білімі ин-тының “Грамматика” бөлімінің аға ғылыми қызметкері Н.Қ. Демесінова туралы] // Қазақстан әйелдері. - 1984. - № 10. - 13 б.

79. Көкше өңірінің көңілдегі келбеті: өлең // Көкшетау правдасы. - 1984. - 24 нояб.

80. Қазақ әдеби тілі терминологиясының кейбір мәселелері // ҚазССР ҒА Хабарлары. Филология сериясы. - 1984. - № 4. - 1-8-бб. Әдебиеттер атаулары жол астында.

81. Терминология көкжиегі: [Мемтерминкомның құрылғанына 50 жыл] // Қазақ әдебиеті. - 1984. - 10 авг. (Ә.Қайдаровпен бірге).

82. Тіл тереңіне бойлаған: [Филология ғылымдарының д-ры, профессор Ә.Қайдаров 60 жаста] // Білім және еңбек. - 1984. - № 12. - 19 б.

83. Тіліміздің мүмкіншілігі: [Рец. кітапқа] Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі: Ун-тер мен пед. ин-тының филология факультеттеріне арналған оқу құралы. Алматы, 1983 // Қазақ әдебиеті. - 1984. - 24 авг.

1985

84. Әдеби тіл туралы зерттеу // Соц. Қазақстан. - 1985. - 22 март (С.Исаевпен бірге).

85. Жауынгер, ғалым, азамат // Жетісу. - 1985. - 7 янв.

86. Қазақ лексикасындағы жаңа қолданыстар. - Алматы: Ғылым, 1985. - 68 б. (А.Алдашева, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздықова, Н.Уәлиев. И.Ұйықбаевпен бірге).

